

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидаларын бекіту туралы

Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 271 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 5739 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына, сәйкес Қобда ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың пайдалану Қағидалары бекітілсін.

2. "Қобда ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Құловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Шермаганбет

Қобда ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 28 қарашадағы
№ 271 қаулысына қосымша

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 19.02.2025 № 86 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 246-бабына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18-

бабының 22) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:
 - 1) жануарлар – ауыл шаруашылығы және үй жануарлары;
 - 2) иесіз жануарлар – иелері бар, және уақытша олардың иелігінен (қамқорлығынан) шықкан, иелері жоқ немесе иелері белгісіз, сонымен қатар иесі оларға меншік құқығынан бас тартқан үй жануарлары;
 - 3) жануардың иесі – меншігінде немесе өзгеше иелігінде жануары бар жеке немесе заңды тұлға;
 - 4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - ауданының әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;
 - 5) уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, ауданының коммуналдық меншігін басқаруға уәкілетті мемлекеттік атқарушы орган.

2. Иесіз жануарларды пайдалану

2. Қараусыз немесе қанғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруы міндettі.

Егер меншік иесі немесе оның тұрған жері белгісіз болса, иесіз жануарларды ұстап алған тұлғалар ұсталған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы меншік иесін іздестіру шараларын қабылдау үшін ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы органдарға жазбаша түрде мәлімдеуі тиіс.

3. Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы немесе оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздең табуды және оларға жануарларды беруді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

4. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы және пайдалануына берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны шегінде жауапты болады.

5. Жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағып, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды

пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы.

6. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын ұстап алған адам олардың меншік иесінен Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 245 бабының 6 тармағына сәйкес сыйақы алуға құқылы.

3. Қараусыз жануарларға мемлекеттік меншік құқығының пайда болуы

7. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар аудандық коммуналдық меншікке түседі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алудың, сактаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылады.

8. Жануарлар мемлекет меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде – ол аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша белгіленген шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

9. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.

4. Қорытынды ережелер

10. Қараусыз жануарларды есепке алу, сактау, бағалау және сатуды ұйымдастыруға байланысты шығындар Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексіне сәйкес жергілікті бюджет қаржысынан жүргізіледі.

11. Қараусыз жануарларды сатудан түскен қаражаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, бес жұмыс күні ішінде жергілікті бюджетке аударылады.

12. Қараусыз жануарларды коммуналдық меншікке қабылдау үшін негіз болған актінің сотпен күші жойылған жағдайда, уәкілетті орган қараусыз жануарды бұрынғы иесіне қайтарады.

